

ABOUT HIV


АИТВ және жыныстық қатынас

АИТВ-пен өмір сүру жыныстық қатынасқа деген көзқарасты барша өзгертуі мүмкін.

Кейбір адамдар АИТВ-ты ары қарай таратамын деп қорқады, ал басқалар өздерін енді тартымсыз деп ойлайды. Кейбіреулер жыныстық қатынастан толығымен бас тартады ал басқалар, керісінше, оны көбірек іздей бастайды. Мұндай адамдар тек қана нақты осы сәтте ғана өздерін тартымды сезіну керек және уақытты жақындық және ләзатпен өткізу керек деп ойлайды.

Мынаны білу барынша пайдалы:

- АИТВ-мен өмір сүретін көптеген адамдар жыныстық қатынаспен айналысуды және қатынас құруды әрі қарай жалғастыра береді.
- АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың балаларында АИТВ жоқ болуы мүмкін.
- Егер сіздің АИТВ еміңіз нәтижелі болса, онда сіздің жыныстық қатынаспен айналысатын серігіңізге АИТВ жұқтыру мүмкіншілігі өте төмен.
- Егер сіз мүшеқапты қолдансаңыз, онда сіздің жыныстық қатынаспен айналысатын әріптесіңізге АИТВ жұқтыруыңыздың мүмкіншілігі өте төмен.



Сіздің сексуалдық денсаулығыңыз

Мүшеқапты қолдану сіздің денсаулығыңызға өте маңызды, өйткені мүшеқап сізді жыныстық қатынаспен берілетін инфекциялардан қорғайды. Егер сізде АИТВ бар болса, сифилис және гепатит С сияқты инфекцияның түрлері ауыр емделеді. Бірақ та сіз өз емханаңызда тұрақты түрде гинеколог және урологтан

медициналық тексеруден өтіп тұра аласыз, ол туралы дәрігерден сұраңыз. Оған қоса контрацепцияның қай әдісін қолдануды таңдап жатқан кезде сіз өзіңіздің АИТВ-дан қолданатын дәрі-дәрмектеріңізді ұмытпай оларды да ескеруіңіз керек. Өйткені кейбір АИТВ-дан дәрі-дәрмектер басқа дәрілермен немесе гормоналдық контрацептивтармен әрекеттесе алады. Вирустың берілуі туралы деректер

Вирустың берілуі туралы деректер

АИТВ көбінесе аналдық және вагиналдық жыныстық қатынас арқылы таралады.

АИТВ-тың басқа сексуалдық белсенділіктер кезінде берілу қаупі аз. Көбірек ақпаратты төменнен таба аласыз.

Егер де сіз аналдық немесе вагиналдық жыныстық қатынаста мүшеқап қолдансаңыз онда АИТВ-тың берілу қаупі жоқ десе де болады. Мүшеқап бір ағзадағы АИТВ бар сұйықтықты басқа ағзаға өтуіне кедергі жасайды. Су немесе силикон негізіндегі майлауды қолдану мүшеқаптың сенімділігін арттырады.

Сонымен қатар егер сіз АИТВ-дан дәрі-дәрмек қабылдап және сізде «анықталмайтын» вирустық салмақтылық болса онда АИТВ-ты жыныстық қатынас арқылы беруіңіздің мүмкіншілігі өте төмен болып келеді. Адамда «анықталмайтын» вирустық салмақтылық болған кезде онда оның ағзасында вирус тым аз мөлшерде ғана болады.

Егер мынадай шарттарды ұстап жүрсеңіз АИТВ-тың берілу қаупі аз болады:

- Қан сараптамасы бірнеше ай бойы сіздің вирустық салмақтылығыңыз анықталмайтын даражада екенін көрсетіп тұр.
- Сіз дұрыс мөлшерде және уақытында АИТВ-дан дәрі-дәрмектерін қабылдап жүрсіз.
- Ешқандай жыныстық қатынас арқылы берілетін инфекциялар сізде жоқ.
- Сіздің әріптесіңізде жыныстық қатынас арқылы берілетін инфекциялар жоқ.

Зерттеулер көрсеткендей АИТВ-тың емі тұрақты әріптеске вирустың берілуінің қаупін 96% түсіреді.

Янссенның жомарт қолдауы арқасында www.pro-vich.info және www.about-hiv.info желіні қалыптастыру мүмкінге айналды. Біздің демеушіміз желінің мәтіні мен мазмұнына редакциялық бақылау мүмкіншілігін иеленбеді. Осы желідегі барлық ақпараттар денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кеңесін орынын басу үшін емес, керісінше оларға көмектесуге бағытталған. Жеке мәселеніз бойынша өзіңіздің емделуші дәрігеріңізге немесе командаңыздың денсаулық сақтау бойынша жауапты мүшесіне ақыл қосу мақсатында жүгініңіз.

NAM aidsmap, Еуропалық ЖИТС –ті емдеу тобы, Еуропалық ЖИТС бойынша жәрдемдесу желісі, Шығыс Еуропа және Орталық Азияда АИТВ – пен өмір сүретін адамдардың одағы және ИТРСги (Емдеуге дайындау бойынша коалициясы) өз – ара ынтымақтастығы. Қосымша ақпараттар алу үшін: www.about-hiv.info; www.pro-vich.info; www.aidsmap.com Ұлыбританияда ресми тіркелген қайырымдылық қоры: 1011220

ABOUT HIV

АИТВ және жыныстық қатынас

Оған қоса сіздің жеке жағдайларыңызды еске алу мақсатымен дәрігеріңіз сізбен және әріптесіңізбен толық сөйлесе алады.

Төмен қауіп және қауіптің жоқтығы

Қорғанусыз аналдық және вагиналдық жыныстық қатынаспен салыстырғанда басқа жыныстық белсенділіктерде АИТВ-ты тарату қаупі өте төмен болып келеді.

Оралды жыныстық қатынас қаупі төмен белсенділік болып есептеледі. Егер де сіз АИТВ-позитивті еркек болсаңыз сіздің вирус жұқтыру мүмкіншілігіңіз өте жоғары болу үшін, біріншіден сіздің қаныңызда жоғары вирустық салмақтылық болу керек және сіз серігіңіздің аузына шәует шығару керексіз. Ал егер де сіз АИТВ-позитивті әйел болсаңыз онда оралдық жыныстық арқылы АИТВ-ты беру қаупі мүлдем жоқ.

Оған қоса өзара мастурбация кезінде де (өзара еркектің жыныс мүшесін, вагинаны немесе анусты ұқалағанда) вирус берілудің қаупі жоқ. Сонымен де вирус сүйісу, құшақтасу немесе сипалау кезінде де берілмейді.

Күнделікті әлеуметтік қатынастарда вирус таралуының қаупі жоқ. Ешкім және ешқашан вирусты төмендегі жолдар арқылы жұқтыртпайды:

- Ортақ үй заттарын қолданғанда, мысалы тостаған, тәрелке, ыдыс-аяқ құралдары.
- Ортақ санитарлық торап қалданғанда
- АИТВ-позитивті адаммен бірге бір ауамен демалғанда



БКП (Байланыстан Кейінгі Профилактика)

Егер де сіз басқа біреуден АИТВ-ты жұқтырдым деп ойласаңыз (мысалы сізде қорғанбаған жыныстық қатынас болды немесе мүшеқап жыртылып қалды) онда сіз төтенше жағдайда қабылданатын БКП дәрілері бар екенін білу керексіз.

БКП – бұл қауіпті жағдай болғаннан кейін дереу кезде АИТВ-дан қабылданатын дәрі-дәрмектердің курсы. Ертерек қабылдасаңыз жақсырақ болады. Дәрілерді қабылдайтын уақыт шегі – 72 сағат (үш тәулік). Бұл дәрі-дәрмектер вирустың берілуіне кедергі жасайды.

БКП-ны сіз АИТВ емдейтін емханалардан және жәдел жәрдем бөлімдерінен таба аласыз.

АИТВ және заң

Кейбір мемлекеттерде адамдар басқа адамды АИТВ-мен жұқтырғаны үшін немесе АИТВ-позитивті адам бола тұрып қорғанусыз жыныстық қатынаспен айналысқаны үшін түрмеге түседі. Мұндай жағдайлардың орын алуы мемлекеттің заңына байланысты болып келеді. Бұл жайлы көбірек ақпаратты сіз АИТВ және адам құқығы туралы үнпарақтан таба аласыз.

Янссенның жомарт қолдауы арқасында www.pro-vich.info және www.about-hiv.info желіні қалыптастыру мүмкінге айналды. Біздің демеушіміз желінің мәтіні мен мазмұнына редакциялық бақылау мүмкіншілігін иеленбеді. Осы желідегі барлық ақпараттар денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кеңесін орынын басу үшін емес, керісінше оларға көмектесуге бағытталған. Жеке мәселеніз бойынша өзіңіздің емделуші дәрігеріңізге немесе командаңыздың денсаулық сақтау бойынша жауапты мүшесіне ақыл қосу мақсатында жүгініңіз.

NAM aidsmap, Еуропалық ЖИТС –ті емдеу тобы, Еуропалық ЖИТС бойынша жәрдемдесу желісі, Шығыс Еуропа және Орталық Азияда АИТВ – пен өмір сүретін адамдардың одағы және ИТРСги (Емдеуге дайындау бойынша коалициясы) өз – ара ынтымақтастығы. Қосымша ақпараттар алу үшін: www.about-hiv.info; www.pro-vich.info; www.aidsmap.com Ұлыбританияда ресми тіркелген қайырымдылық қоры: 1011220